

## Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1068. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1164 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 436, 409-құжат) және "Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 16, 125-құжат) Жарлықтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы ереже бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593 қаулысымен .**

2. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет орталық аппаратындағы, оның аумақтық органдарындағы және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарындағы лауазымдардың бір бөлігі Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен, Ішкі істер министрлігінен, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен және басқа да әскери құралымдардан ауыстырылған (іссапарға жіберілген) әскери қызметкерлерден жасақталады деп белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593 қаулысымен .**

|     |       |
|-----|-------|
| 3 . | < * > |
| 4 . | < * > |
| 5 . | < * > |
| 6 . | < * > |

**Ескерту. 3-6-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593**

**қаулысымен .**

7. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы N 1820 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 39, 501-құжат) 1-3, 8, 14, 17-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*бірінші орынбасары*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 7 шілдедегі  
N 1068 қаулысымен  
бекітілген

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою  
жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы  
ЕРЕЖЕ**

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік бақылау, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау (бұдан әрі - мемлекеттік бақылау және қадағалау) Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Президенті мен Үкіметінің актілеріне, қолданылып жүрген халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес, сондай-ақ осы Ережеге және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті бекіткен басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бақылау мен қадағалауды (Мемлекеттік автомобиль инспекциясы, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет және Қазақстан Республикасының рұқсат ету жүйелерінің желілері бойынша қадағалаудан басқа) Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің орталық аппаратында құрылған Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, техникалық және тау-кен қадағалау жөніндегі департаменті құрамындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекция және аумақтық органдарындағы инспекциялар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары және олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан басқа да заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке адамдар төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың жүзеге асырылуына қарамастан өндірісті, технологияларды, машиналарды, тетіктерді және басқа да бұйымдарды жобалау

, жасау, қолдану, пайдаланудан алу кезінде еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауаптылықта болады. Заңды және жеке тұлғалар ұйымдардың, өндірістің және объектілердің қауіпсіздік талаптары мен нормаларына жауап бермейтін жұмыстарға жол бермеуге міндетті.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593 қаулысымен , 1999.08.09. N 1119 қаулысымен .**

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік бақылау меншік нысандары мен ведомстволық тиесілігіне қарамастан Қазақстан Республикасының барлық аумақтарындағы барлық ұйымдарда жүзеге асырылады .

Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбеге (осы Ережеге қосымша) сәйкес олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан өнеркәсіп салаларында, өндірісте, объектілерде жүзеге асырылады.

3. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекция жүргізетін мемлекеттік бақылау және қадағалау:

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою салаларындағы, еліміздің азаматтық қорғанысындағы белгіленген нормалар мен ережелерді сақтау ;

жұмыс берушілердің көмір, кен рудасы және рудалық емес, атом-энергетикалық, металлургиялық, химиялық, мұнай-химия, мұнай-газ өндіру , мұнай-газ өңдеу, машина жасау, аспаптар жасау, жеңіл, тамақ, ет-сүт өнеркәсіптерінің барлық негізгі және қосалқы цехтары мен өндірістерінде, энергетикада, темір жол әуе және су көліктерінде, байланыста, құрылыста (жер асты көлігі мен гидротехникалығын қоса алғанда), кеме жасауда, конверциялық кәсіпорындарда; арналы мұнай, газ және өнім желілерінде, нан өнімдері кәсіпорындарында және жарылу, өрт шығу және жарақаттану қаупі бар объектілер мен өндірістерде еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

өнеркәсіптік жарылғыш материалдарды жасау, дайындау, сынау, сақтау және пайдалану ;

табиғи және сұйытылған газдарды, күшті әсер ететін улы заттарды, басқа да жарылу және өртену қаупі бар жүктерді қабылдау және беру, сақтау және өнеркәсіпте пайдалану ;

жарылыстан және ұшқыннан қорғау жабдықтары мен бұйымдарын, көтергіш ғимараттарды, бу және су ысыту қазандықтарын, қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді; бу мен ыстық суға арналған құбыр желілерін және қауіптілігі жоғары басқа да объектілерді құру, дайындау, монтаждау, баптау, жөндеу және қауіпсіз пайдалану ;

төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бөлігінде ыстық, минералды

сулар орындары мен емдік батпақтарды пайдалану;

пайдаланылған тау-кен өндірімдері мен табиғи жерасты кеңістіктерінің оларда объектілерді орналастыру кезіндегі жағдайы және оларды қауіпсіз п а й д а л а н у ;

технологиялық процестердің қауіпсіздігі бөліктерінде пайдалы қазбалар кен орындарын, барлау және өңдеу кезінде жер қойнауын пайдаланудың белгіленген т ә р т і б і н і ң с а қ т а л у ы ;

қызметі төтенше жағдайлардың пайда болуының жоғары тәуекелімен байланысты Өнеркәсіп объектілерінің қауіпсіздік декларациясымен келісу үшін ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Өнеркәсіптің көрсетілген салаларына, жұмыстар мен объектілердің түрлеріне қатысты мемлекеттік бақылау мен қадағалау, жобалауды, құрылысын салуды, пайдалануды, консервациялауды және жоюды қоса алғанда олардың жұмыс істеуінің барлық кезеңдерінде қолданылады, сондай-ақ жабдықтарды, заттарды, материалдарды дайындау және оларды қолдану кезінде еңбек қауіпсіздігінің шарттары мен нормаларының сақталуын қадағалауды да қамтиды.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1999.08.09. N 1119 қ а у л ы с ы м е н .**

4. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекция жүргізетін мемлекеттік бақылау және қадағалау:

төтенше жағдайлардың пайда болуына әкеп соқтырған аварияларды, апаттарды және табиғи зілзалаларды, сондай-ақ бақытсыз жағдайлар мен жарылғыш заттардың жоғалуын зерттеуді ұйымдастыруды;

қадағалаудағы өндірістер мен объектілерде Қазақстан Республикасының барлық орталық атқарушы органдарының, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке адамдардың, бірлескен және шетелдік ұйымдар мен шетелдік фирмаларға уақытша басқаруға берілген ұйымдардың (қадағалаудағы салалар, өндірістер және объектілер бойынша) арнайы экономикалық аймақтарды қоса алғанда республиканың барлық аумақтарында еңбектің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтауына ведомстводан тыс мемлекеттік қадағалауды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды;

авариялар мен өндірістік жарақаттанушылықтың пайда болуы себептері мен шарттарын анықтауды, талдауды, өндірісте жұмыстың қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың орындалуына мемлекеттік қадағалауды жетілдіруді;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен, заңды және жеке тұлғалармен бірлесіп авария мен өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алу жөніндегі шараларды әзірлеуді;

ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерінің негізінде қадағалаудағы

өндірістер мен объектілердегі еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қалыптастыру мен жетілдіруді;

қадағалаудағы ұйымдардың (процестердің, қызмет көрсетулердің) технологиялық процестерінде қолданылатын бір текті өнімдер мен жабдықтардың сертификаты болуын қамтамасыз етуді, өндірістерді, технологияларды құруға және пайдалануға рұқсаттар беруді;

жұмысты қауіпсіз жүргізу саласында заңдардың қолданылу практикасын қорытуды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;

қадағалаудағы өндірістерді, объектілерді, тетіктерді және жұмыс түрлерін тіркеу мен есепке алудың тәртібін белгілеуді;

белгіленген тәртіппен "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысымен айқындалған қызметтің лицензияланатын түрлерінің тізбесі бойынша тау-кен техникалық мәселелері бойынша қорытындылар беруге, сондай-ақ технологияларды, машиналарды, тетіктерді және басқа да бұйымдарды (оның ішінде шетелдік) жұмысы мүмкін болатын тәуекелмен байланысты, қадағалаудағы салаларда жасауға, дайындауға, сынауға және қолдануға рұқсат береді;

кәсіпорындармен және ұйымдармен келісім бойынша оларға технологиялық процестердің, жоғары тәуекелді объектілерді салудың және пайдаланудың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шығармашылық және ғылыми сипаттағы қызметтер көрсетуді;

газқадағалау объектілерін, бу және су ысыту қазандықтарын, қысыммен жұмыс істейтін түтіктерді, бу мен ыстық суға арналған құбыр желілерін және көтергіш ғимараттарды тіркеуді, қазандық бақылау объектілерін, көтергіш ғимараттарды оған арнаулы рұқсат алған ұйымдардың уақытында куәландыруына бақылау жасауды;

дайындаушы заводтарда (конструкциялауға арналған техникалық тапсырманы келісу сатысында және тәжірибелік үлгілерді қабылдау кезінде), жөндеу кәсіпорындарында, қауіпсіздік жөнінде жоғары талап қойылатын машиналардың, тетіктерін және жабдықтардың пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігінің стандарттарына, ережелеріне және нормаларына сәйкестігіне, сондай-ақ электротехникалық бұйымдардың жарылыс қауіпсіз атқарылуы үшін тексеруді, көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда олардың шығарылуын тоқтатуды және олардың қолданылуына тыйым салуды;

объектілерді пайдалануға қабылдап алу ережелерінің сақталуына бақылау жасауды, жарылғыш заттарға, қадағалаудағы өндірістерге, объектілерге арналған жабдықтардың жаңа үлгілеріне және еңбек қауіпсіздігі жөнінде жоғары талап қойылатын электротехникалық бұйымдарға сынақтар жүргізу жөніндегі

комиссиялардың жұмысына қатысуды, бақылаудағы ұйымдардың технологиялық процестерінде пайдаланылатын өнімдер мен жабдықтарды (процестерді, қызмет көрсетулерді) сертификаттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

бақылаудағы өндірістер мен объектілерде авариялар мен өндірістік жарақат алушылықтың алдын алу, ұйымдардың мүмкін болатын авариялар мен олардың зардаптарын жоюға дайындығы жөніндегі шаралардың әзірленуі мен жүргізілуіне қадағалауды жүзеге асыруды;

қадағалаудағы өндірістер мен объектілер қызметкерлерінің біліктілігіне талаптарды айқындауды, еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша оқытудың, біліктілігін көтерудің және білімін тексерудің тәртібін белгілейді ;

қадағалаудағы ұйымдар мен объектілерде жұмыс жүргізу үшін қызметкерлерді даярлау жөніндегі курстарды ұйымдастыруға келісуді;

өндірістік жарылыстық, жарылыс қауіптілігі және өрт қауіптілігі бойынша тиісті санаттарға жатқызылуының дұрыстығын және өндірістің бір санаттан екіншісіне көшірілуінің дұрыстығын қадағалау, сондай-ақ қолданылатын жабдықтың жарылыс қауіпті қосындылар мен жарылу және өрт қауіп бар аймақтар сыныбының санаттары мен топтарына сәйкес келуіне бақылау жүргізуді ;

ұйымдар мен әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдерінің ұсынысы бойынша шахталардың (рудниктердің) газ бойынша тиісті санаттарын белгілеуді, оларды тозаңдар, кездейсоқ тасталынатын жыныстардың, руданың, көмірдің, газдың шығуы, тау-кен соққылары бойынша қауіптілерге жатқызуды және шахталарды (рудниктерді) бір санаттан екіншісіне көшіруді бекітуді;

қолданылған тау-кен өндірімдері мен табиғи жер асты қабаттарын шаруашылық мақсаттарына және минералдық шикізаттарды қайта өңдеуге пайдалану кезінде тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын қауіпсіз жүргізудің геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз етілуін қадағалауды; тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу шекараларының дұрыс белгіленуін тексеруді, тау-кен жұмыстарының үйлер мен ғимараттарға зиянды әсерлерінің алдын алу және жою жөніндегі, сондай-ақ шахталар мен рудниктерге су, зиянды және қауіпті заттар кіруінің алдын алу жөніндегі шараларды жүргізуді жүзеге асыруды ;

пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі ұйымдарды тарату және консервациялау жөніндегі жұмыстардың қауіпсіздігі бөліктерінде арнаулы жобаларды немесе олардың бөліктерін, мұнай, газ гидротермальдық және минералдық скважиналарды келісуді;

орталық және жергілікті атқарушы органдармен, ұйымдармен және олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан басқа да

шаруашылық қызметі субъектілерімен бірлесіп оларда объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған тау-кен өнімдері мен табиғи жерасты қабаттарын іріктеуге, сондай-ақ радиоактивті қалдықтарды көмуге қатысуды;

әскерилендірілген (мамандандырылған) тау-кен құтқару, фонтанға қарсы, газдан құтқару бөлімдерінің және басқа да авариялық-құтқару қызметтерінің меншік нысанына қарамастан ұйымдардағы аварияларды жоюға, олардың алдын алу, құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге жедел техникалық даярлығына бақылау жасауды; көрсетілген бөлімдердің, қызметтердің және олардың бөлімшелерінің жарғыларын, ережелерін және Қазақстан Республикасының аумақтарына орналасу кестелерін қарауды және келісуді;

Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі агенттігімен бірлесіп жоғары қауіпті өнімдерді (процестерді, қызмет көрсетулерді) сертификаттау жөніндегі ұйымдар мен лабораторияларды (орталықтарды) тіркеуді жүргізуді, олардың сертификаттау ережелерін сақтауына бақылау жасауды, олардың техникалық біліктілігін белгілеуді;

атом-энергетика өнеркәсібі объектілерінде еңбек қауіпсіздігін мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыруды;

еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарды келісуді;

өндірістер мен объектілердің бақылау приборларымен және аспаптарымен, мүкәммалдармен және жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да құралдармен және бұйымдармен қамтамасыз етілуіне қадағалау жүргізуді;

ұйымдар ұсынатын тау-кен жұмыстарын дамытудың ағымдағы және перспективалық жоспарларын келісуді және олардың орындалуына бақылау жасауды, сондай-ақ учаскелер (шұңқырлар бірліктер) үшін пайдалы қазбалар кен орындарын әзірлеудің техникалық және жергілікті жобаларына, жобалауға тапсырмаларға және минералдық шикізаттарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі ұйымдардың құрылысы мен қайта жаңартылуының жобаларына, еңбектің қауіпсіздігі бөліктерінде тау-кен өндірілімдерін консервациялау және жою кезінде зиянды заттарды, өндіріс қалдықтарын көмуге және іркінді суларды шығарып тастауға бақылау жасауды;

Қазақстан Республикасының министрліктерінен, мемлекеттік комитеттерінен және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарынан және олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан басқа да заңды тұлғалардан, сондай-ақ жеке адамдардан еңбек қауіпсіздігінің жағдайы, авариялар, өндірістік жарақаттанушылық, жұмыстардың көрсеткіштері және жабдықтың істен шығуының себептері туралы, ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламалары,

нормативтік-құқықтық құжаттамалардың әзірленуі туралы мәліметтер, басқа да ақпараттар, бақылаудағы өндірістерге, объектілерге және технологиялық процестерге техникалық құжаттамалар, ал лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерден - мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсініктемелер алуды;

өнеркәсіпті, энергетикадағы, көліктегі және байланыстағы мемлекеттік және ведомстволық қадағалау органдарының олардан қажетті ақпараттар ала отырып қызметін үйлестіруді және бақылау жасауды;

бақылаудағы өндірістерде, объектілерде, оқу-курстық комбинаттарда және кәсіптік-техникалық училищелер мен басқа да оқу орындарында нұсқаулықтың белгіленген тәртібінің сақталуын, қызметкерлерді оқытуды, жұмысқа рұқсат етуді, мамандарда тау-кен бұрғылау, жару, маркшейдерлік, электротехникалық, газбен істейтін және басқа да жұмыстарға құқық беретін құжаттардың, ал қызметкерлерде - жарылғыш, газ қауіпі бар және жоғары қауіпті басқа да жұмыстарды жүргізу құқығына арналған құжаттардың болуын тексеруді;

айрықша жауаптылықпен байланысты жұмыстарға қабылдау үшін белгіленген арнайы талаптардың сақталуына бақылау жасауды;

мамандардың еңбек қауіпсіздігі, технологиялық регламенттер жөніндегі ережелер мен нормаларды және жұмысшылардың нұсқаулықтарды білетіндігіне тексеру жүргізуді, қоса беріліп отырған тізбеде аталған ұйымдардың, объектілердің жаңадан тағайындалған басшыларының және белгіленген мерзімдерде - басқа мамандарының еңбек қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын білуін тексерулерге қатысуды;

орталық атқарушы органдармен, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен, сондай-ақ жеке адамдармен арада қадағалаудағы өндірістерде, объектілерде және тетіктерде еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде, оның ішінде нормативтік-техникалық құжаттарды келісу және бекіту, объектілер мен қадағалаудағы бұйымдардың жобаларын қарау кезінде келіспеушілік болған жағдайда түпкілікті шара қабылдауға;

бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халық пен жұмыс істейтіндерге қадағалаудағы өндірістердегі, объектілердегі еңбек қауіпсіздігінің жағдайы және өндірістік жарақаттанушылық туралы хабарлауды қамтиды.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593 қаулысымен , 1998.07.09. N 651 қаулысымен .**

5. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияның (мемлекеттік инспекторлардың) мынадай құқықтары бар:

олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан тәуліктің кез келген уақытында ұйымдар мен объектілерде төтенше



жағдайлардың алдын алу және жою, еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуге, сондай-ақ қажет болған кездерде алдын ала келісім бойынша зерттеу жүргізу үшін басқа кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандарын тартуға;

ұйымдар мен объектілерді зерттеудің нәтижелері бойынша олардың меншік нысанына қарамастан жұмыс берушілердің атқаруы үшін міндетті ережелер мен нормалардың анықталған бұзылуларын жою туралы ұйғарымдама беруге; белгіленген қауіпсіздік ережелерінің бұзылуын жоюға бағытталған шараларды жолдары мен көлемі бойынша келісуге, еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бұзу арқылы жүргізілген жұмыстарды тоқтата тұруды немесе оған тыйым салуы (пломбы салу арқылы) жүзеге асыруға;

белгіленген ережелер мен нормаларды бұзған кезде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес кінәлі заңды және жеке тұлғаларға айыппұлдар салуға сондай-ақ белгіленген тәртіппен лауазымды тұлғаларды, азаматтарды және ұйымдарды жауаптылыққа тарту туралы материалдарды құқық қорғау органдарына беруге;

мамандандырылған ғылыми-зерттеу және жобалау институттарының, салалық ғылыми-техникалық орталықтардың төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, еңбек қауіпсіздігі проблемаларын пысықтау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіруге;

сертификаттау, жобалау-техникалық құжаттамалардың еңбек қауіпсіздігінің талаптары мен нормаларына сәйкес келуіне сараптамалар жүргізу жөнінде ұйымдар, лабораториялар және орталықтар құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

Қазақстан Республикасының лицензиялық және құзыретті органдарына жер қойнауын пайдаланушылар, еңбек қауіпсіздігі нормалары мен ережелеріне көңіл аудармаған, олар мемлекеттік қадағалау органдарының талаптарын (ұйғарымдамаларын) орындамаған жағдайларда жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен келісім-шарттардың қолданылуын тоқтату тұру осы лицензиялар мен келісім-шарттарға бұрын берілген қорытындыларды кері қайтарып алу туралы ұсыныс енгізуге.

6. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияға жалпы басшылықты төрағасы, ал тікелей басшылықты - Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау жөніндегі департаменттің директоры, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалауға және тау-кен қадағалауға - Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі бас мемлекеттік инспектор жүзеге асырады.

Орталық аппаратындағы Төтенше жағдайларды мемлекеттік қадағалау, өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және тау-кен қадағалау жөніндегі департаменттің қызметкерлері мен аумақтық органдарының құрамындағы инспекциялардың қызметкерлері лауазымы бойынша мемлекеттік

инспекторлар болып табылады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.11.17. N 1593**

қ а у л ы с ы м е н

7. Олардың меншік нысанына қарамастан қадағалаудағы ұйымдар Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияларға (мемлекеттік инспекторларға) объектілерге зерттеу жүргізу кезеңінде қызметтік үй-жай, байланыс құралдарын, арнаулы киім және қорғаныс құралдарын береді, бақытсыз жағдайларды, аварияларды, апаттарды және табиғи зілзалаларды зерттеуге бару үшін көлік бөледі.

Жұмыс берушілер сондай-ақ олардың ұйымдарында болған ауыр және қазаға әкеп соқтырған топтық бақытсыз жағдайларға зерттеу жүргізген мемлекеттік инспекторларға іссапарлық шығыстар бойынша зияндарды өтеуге міндетті.

8. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі мемлекеттік инспекцияның мемлекеттік инспекторларына бірыңғай үлгідегі куәлік беріледі, арнаулы нөмірлі өңірлік белгі тағуға құқық беріледі.

**Қосымша**

**Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүзеге асырылатын өнеркәсіптер, өндірістер, объектілер салаларының, сондай-ақ жұмыстардың ТІЗБЕСІ**

**I. Тау-кен өндірістері мен жұмыстарын қадағалау саласында**

1. Жұмыс істеп тұрған, құрылысы жүргізіліп және қайта жаңартылып жатқан ұйымдар, шахталар, шахта құрылысының объектілері, карьерлер, разрездер, тұздау кәсіпшіліктері, тұз кәсіпшіліктері, кен орындары жердің астындағы және бетіндегі көлік құрылысы, гидротехникалық және арнаулы құрылғылар құрылысы жөніндегі арнаулы басқармалар мен арнаулы учаскелер, байыту, көмір байыту, көмір текшелеу, жұмбаздау, кесектеу, ұсату-іріктеу, алтын алу фабрикалары, инертті тозандар фабрикасы, электр станциялардың қазандық агрегаттарына көмір беру цехтары, аталған кәсіпорындардың шикізаттарын өңдеу жөніндегі мынадай объектілері мен жұмыс түрлері бар заводтар (қ о н д ы р ғ ы л а р ) :

жерасты, ашық және арнаулы тау-кен жұмыстары (толық технологиялық ц и к л б о й ы н ш а ) ;

аталған кәсіпорындардағы барлық қосалқы цехтар мен өндірістер;  
келісім-шарттық аймақтың шегіндегі, технологиялық жабдықтармен бірыңғай тұтастықты құрайтын және 6 кВ дейін кернеуі бар қосалқы станциялар мен электр желілері, сондай-ақ кернеуі 6 кВ асатын көліктік жабдықтарды қуаттандырушы қосалқы станциялар;

көмір разрездері мен карьерлерінің технологиялық көлігі және оның жөндеу базасы, келісім-шарттық аумақтық шегіндегі технологиялық темір жолдар мен а в т о м о б и л ь ж о л д а р ы ;

ұйымдардың күшімен жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстары;  
баланстағы жер бетіндегі ғимараттардың, құрылыстардың және объектілердің өндірістік-технологиялық кешен (келісім-шарттық аймақтың шегінде);

жыныс үйінділері, қалдық пен шлам сақталатын орындар, пайдалы қазбалар қоймалары, ұйымдардың технологиялық кешеніне енетін басқа да қоймалар, о б ь е к т і л е р ;

мердігерлік әдіспен орындалатын жөндеу және баптау жұмыстары;  
әскерилендірілген тау-кен құтқару бөлімдерінің жағдайы және ұйымдар мен объектілердегі аварияларды жоюға даярлығы, олардың алдын алу жұмыстарын жүргізуі, олардың бөлімшелерінің орналасу кестесі дұрыстығының сақталуы бөліктерінде тау-кен құтқару жұмыстары.

2. Оларды пайдаланудың қауіпсіздігі бөліктерінде - шаруашылық объектілерін орналастыру үшін пайдаланатын жарамсыз кен орындары мен ж е р а с т ы т а б и ғ и к ең і с т і к т е р і .

3. Тау-кен шахталары жабдықтарын, бақылау және апатқа қарсы қорғаныс, газсыздандыру және көрсетілген ұйымдардағы басқа да арнаулы жұмыстар аспаптарын монтаждау мен баптау жөніндегі мамандандырылған ұйымдар.

4. Беретін жабдықтардың, тетіктерінің аппаратураларының және аспаптарының қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі бөліктерінде тау-кен шахталары жабдықтарын, оттегі-тыныс алу аппаратуралары мен аспаптарын дайындаушы заводтар, лабораториялар, жөндеуші ұйымдар.

5. Тау-кен кәсіпорындары үшін еңбек қауіпсіздігі мәселелері бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу, жобалау институттары және жобалау-конструкторлық ұйымдар.

6. Метро құрылысының объектілері.

7. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан табиғи тастарды (беттеу, құрылыстық және басқа) өңдеу жөніндегі заводтар мен технологиялық желілер.

## **II. Мұнай-газ өндіретін өнеркәсіптегі, геологиялық барлаудағы және құбыр желілері көліктерін қадағалау саласында**

8. Жерасты газ қоймаларында, мұнай шахталарында мұнайды, газды, ыстық және минералды суларды барлау мен пайдалану скважиналарын қоса алғанда (оның ішінде Қазақстан Республикасының теңіз шельфтері мен ішкі су айдындарында арналған), бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған технологиялық жүйелердің, жабдықтар мен тетіктердің барлық түрлері, геологиялық барлаудың жер астындағы және ашық жұмыстарындағы тау-кен ж а б д ы қ т а р ы н ы ң к е ш е н д е р і .

9. Мұнай, газ конденсаты және геотермальдық кен орындарын, жер астындағы газ сақталған жерлерді мұнай шахталарын жобалау, салу және әзірлеу .

10. Мұнай, газ, газдың жер астында сақталу конденсаты, мұнай мен газдың кәсіпшілік және кәсіпшілікаралық көлігі объектілерін, қабаттық қысымды ұстап, қабаттардың мұнай, газ және конденсат беруінің коэффициентін арттыру жөніндегі жұмыстарды қолдау объектілерін техникалық қауіпсіздік бөлігінде пайдалану, сондай-ақ скважиналарды жөндеу, консервациялау және жою.

11. Гелий заводтарын, мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғыларын, сепарациялық қондырғыларды, сораптық және компрессорлық станцияларды, резервуарлық парктерді, теңіздер шельфіндегі мұнай-газ өндіру кешендерін ж о б а л а у , с а л у ж әне п а й д а л а н у .

12. Мамандандырылған ұйымдар орындайтын геологиялық барлау ж ұ м ы с т а р ы .

Мұнай газ және мұнай-газ конденсаты кен орындарындағы (оның ішінде континенттік шельфтегі) ыстық және минералды сулар кен орындарындағы, жер асты қоймаларындағы, сақталу орындарындағы, мұнай шахталарындағы, жер астындағы және ашық тау-кен өндірулердегі тікелей объектілерде жүргізілетін жұмыстар бөлігіндегі далалық және теңіз геофизикалық жұмыстары мен скважиналарды кәсіпшілік-геофизикалық зерттеу (ату және жарылыс жұмыстарын жүргізуді қоса алғанда).

13. Олардың аварияларды жоюға, объектілерді ашық мұнай және газ фонтандарының және басқа да авариялық жағдайлардың пайда болуының, сондай-ақ олардың жылжуының алдын алу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындығы бөлігінде әскерилендірілген фонтанға қарсы және газдан құтқару қ ұ р а м а л а р ы .

14. Арналы мұнай, газ және өнім құбырларын, компрессорлық және сораптық

станцияларды жобалау, салу, пайдалану жөндеу және жою.

15. Мұнай-газ өндіруші және геологиялық барлау ұйымдарына қызмет көрсететін (жөндеу, баптау, жабдықтарды құрау, бұрғылау жабдықтарын жарату) мұнара монтаждау кеңселері мен цехтарының базасы.

16. Мұнай-газ және геологиялық барлау объектілеріне олардың аумағында болған кезеңдерде қызмет көрсететін технологиялық көлік (құбыр желілері, цемент тасымалдаушылар, құбыр тасымалдаушылар, цемент араластырғыштар, цемент агрегаттары).

17. Құрылыс-монтаж бірлестіктері мен ұйымдарындағы қосалқы өндіріс цехтары және жабдықтарды сынау мен түзеу және жабдықтарды жөндеу, баптау және сынау жөніндегі базалар, көмекші өндіріс цехтары.

18. Мұнай-газ өнеркәсібі объектілері мен геологиялық барлау жұмыстарына арналған жабдықтарды жөндеу және дайындау, босалқы бөлшектер, тау-кен бұрғылау аспаптарын дайындау лабораториялары, өндірістік-техникалық қамтамасыз ету және жинақтау объектілері.

19. Тікелей өндірістік объектілерде жұмыс жүргізу кезінде рудалардағы пайдалы қазбалардың сапасы мен құрамын талдау жөніндегі орталық лабораториялар.

### **III. Жарылыс жұмыстарын қадағалау саласында**

20. Жарылғыш материалдардың есебін жүргізу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтау бөліктерінде жарылыс жұмыстарына арналған жарылғыш материалдарды қолданатын ұйымдар. Өндірістік жарылғыш материалдардың базистік, шығыстық және жылжымалы қоймалары.

21. Орналастыру және қауіпсіз пайдалану жөніндегі ережелер нұсқаулықтардың талаптарын сақтау бөліктерінде жарылғыш материалдарды дайындау жөніндегі заводтар.

22. Жарылыс жұмыстары кезінде пайдаланылатын және жарылғыш материалдарды дайындау үшін қолданылатын жабдықтарды, аспаптарды, машиналарды және тетіктерді ұсынатын дайындаушы заводтар мен жөндеу кәсіпорындары.

23. Жарылғыш материалдарды сақтау, есепке алу және пайдалану ережелерін сақтау бөліктерінде жарылғыш материалдарды ғылыми-зерттеу, оқу, эксперименталдық және басқа да мақсаттарда пайдаланатын ғылыми-зерттеу институттары мен лабораториялар.

#### **IV. Тау-кен жұмыстарының геологиялық-маркшейдерлік қамтамасыз етілуін қадағалау саласында**

24. Пайдалы қазбалар өндіру жөніндегі жобаланатын, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан, қайта жаңартылған және консервацияланған ұйымдар және геологиялық барлау ұйымдары.

25. Пайдалы қазбалар кен орындарын әзірлеу және жер қойнауын, оның ішінде пайдаланылған кен орындары мен табиғи жерасты қабаттарын пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсаттарға пайдалану кезіндегі маркшейдерлік және геологиялық жұмыстар.

26. Пайдалы қазбаларды өндіру мен қайта өндіру жөніндегі ұйымдардың гидротехникалық ғимараттары (дражды полигондар, қалдық және шлам сақтау орындары).

#### **V. Атом-энергетика өнеркәсібін қадағалау саласында**

27. Тау-кен, химиялық, металлургия және геологиялық ұйымдар мен өндірістерде, атом-энергетика кешенінде және оларға арналған жабдықтар мен бұйымдарды жобалау және дайындау кезінде, еңбек қауіпсіздігін радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ осы салаларда жұмыстарды жүргізу кезінде.

#### **VI. Химиялық, мұнай-химиялық, мұнай-газ өңдеу өндірістерін, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерді және басқа да жарылу және өрт қаупі бар өндірістерді қадағалау салаларында**

28. Жобаланып, салынып, қайта жаңартылып жатқан және жұмыс істеп тұрған ұдайы қауіпті өндірістер:

- мұнай-газ өңдеу және мұнай-химия өнімдері;
- негізгі органикалық синтездер;
- каучук, шина, резина-техникалық, сланец өңдейтін өнеркәсіптер мен техникалық көміртегі;
- хлорлы, хлорлы органикалық және органикалық емес өнімдер;
- химиялық талшықтар;
- полимерлік материалдар мен пластмассалар;
- синтетикалық бояулар, химикат-қоспалар және басқа да биязы органикалық синтез өнімдері;
- лак-бояу өнімдері, скипидарлар;
- кинофотоматериалдар мен химиялық реактивтер;

тұрмыстық химия өнімдері;  
азот және фосфор өнеркәсібі;  
негізгі химия мен химиялық қорғау өнімдері;  
орман-химиялық және целлюлоза-қағаз өнеркәсібі;  
дәрі-дәрмектер, витаминдер, азықтық белоктар және басқа да медициналық  
және микробиологиялық өнеркәсіп өнімдері;  
эфир майы, синтетикалық және хош иісті заттар;  
тамақ өнеркәсібі: ет-сүт, шарап-арақ, ашытқы, сыра ашыту, спирт заводтары,  
алкогольсыз сусындар өндірісі, май, сүзбе қайнату, кондитерлік фабрикалар, құс  
фабрикалары, жеміс қоймалары;  
жеңіл өнеркәсіп: тоқыма, жүн өңдеу - жіп иіру, кілем тоқу, тері өңдеу және  
басқа да өндірістер;  
жасанды былғары және пленкалық материалдар;  
ауаны бөліп тастау өнімдері;  
суды электролиздеу әдісімен сутегі мен оттегін алу;  
жуу бұйымдары;  
басқа да органикалық және органикалық емес өнімдер мен  
олардың құрамалары;

сондай-ақ:

мұнай базалары, май құю станциялары;  
технологиялық процестерінде күшті әсер ететін улы заттарды  
пайдаланатын өнеркәсіп объектілері.

Көрсетілген өндірістер мынадай құрамда кешенді қадағалауға жатады:  
технологиялық объектілер (блоктар, сатылар), қоймалар, төгу-құю  
станциялары, авария кезінде жанатын газдар шығуы мүмкін жағылған жанар  
газдардың, тез тұтанатын және жанғыш сұйықтардың көлік жүйесі;

технологиялық тозақ түзетін объектілер (блоктар, сатылар) авария кезінде  
аппаратурада, өндірістік үй-жайда және ашық алаңдарда жарылыс қаупі бар  
қоспалар құрауға қабілетті қатты дисперстік өнімдердің көлік жүйесі;

жарылғыш қасиеттері бар, сондай-ақ тез бүлінуге бейім сұйық фазалы немесе  
қатқыл өнімдерді алумен немесе қайта өңдеумен байланысты өндірістер мен  
жекелеген технологиялық объектілер (блоктар, сатылар);

авария пайда болған кезде адамдардың зақымдануына әкеліп соқтыруға  
қабілетті зиянды заттарды дайындау және қайта өңдеу жөніндегі өндірістер,  
жекелеген технологиялық объектілер (блоктар, сатылар);

адамдар үнемі көп болатын әкімшілік-қосалқы, тұрғын үй азаматтық  
мақсаттағы және басқа да объектілерге жақын орналасқан сұйық хлор (оның  
ішінде төгу-құю учаскелері мен тазартқыш құрылғылардағы және облыстық  
маңызы бар қалалар мен ірі өнеркәсіп орталықтарындағы су дайындау және су

бөлу жүйелеріндегі құю және хлор өлшеу қондырғылары), фосгенді, көгертікш қышқылды, нитрилакрил қышқылын, басқа да аса қауіпті заттар сақтайтын о р ы н д а р м е н қ о й м а л а р ;

газ тектес қалдықтарды кәдеге жарату мен жағудың жалпы заводтық және ж е р г і л і к т і қ о н д ы р ғ ы л а р ы ;

жеке тұрған және цехтың жанындағы сораптық, компрессорлық және т о ң а з ы т қ ы ш с т а н ц и я л а р ы ;

шикізат, жартылай өнімдер және дайын өнімдер қоймалары; тазарту құрылыстары, өнеркәсіп канализациялары, айналымды сумен ж а б д ы қ т а у ж ү й е л е р і ;

технологиялық объектілердің құрамына кіретін және ұйымдардың балансындағы технологиялық құбыр желілер мен басқа да құрылғылар; аталған объектілерге қызмет көрсететін газдан құтқару қызметтерінің бөлімшелері, ерікті газдан құтқару жасақтары.

## **VII. Металлургия, кокс-химия, машина және приборлар жасау өндірістерін қадағалау саласында**

29. Жобаланып, салынып, қайта жаңартылып жатқан және жұмыс істеп тұрған ұйымдар, объектілер, цехтар және бөлімдер:

темір рудасы шикізаты (металлургиялық кәсіпорындардың құрамындағы агломерациялау және кесектеу), кокс (көмір байыту, көмір дайындау, кокстеу, кокстеудің химиялық өнімдерін қармау және қайта өңдеу), шойын, болат (болат пен темірді тікелей алуды қоса алғанда), люнкриттер, модификаторлар және экзотермиялық қоспалар, ферроқорытпалар, ыстық және суық прокаттар, құбырлар, (пісірілген, қапталған, құйылған) метиздер (калибрлік цехтар), құймалар (өнеркәсіптің барлық саласында), отқа төзімділер, цемент, әк, кірпіш, фаянс, фарфор, керамзит өндірісі, өндірістік мақсаттағы барлық қосалқы қызметтерімен бірге металлургиялық жабдықтарды жөндеу жөніндегі цехтар ( ө н д і р і с т е р ) ;

өндірістік мақсаттағы барлық қызметтермен бірге глинозем, алюминий (криолитті флотациялау мен қайта генерациялауды қоса алғанда), кристалл, кремний, электротермиялық силумин, никель, кобальт, мыс, мырыш, қорғасын, қалайы, керуек титан, бериллий, уран, магний, молибден, сынап, жартылай өткізгіш материалдар (кремний, германий), қатқыл балқымалар, асыл металдар, күкірт, ұнтақтар (темір, тантал, никель, бериллий, уран, кобальт, мырыш, титан, цирконий), ыстық және суық прокат күкірт қышқылы өндірістері;

заводтың және комбинаттың құрамына кіретін барлық қосалқы цехтар, олардың ішінде шлам ақтайтын орындар, шлак үйінділері;



заводаралық, цехаралық және цехтық коммуникацияларын қоса алғанда аталған өндірістерде пайдаланылатын ауа, сутегі, хлор, аммиак бөлінетін өнімдерді алу, қайта өңдеу, бөлу, сақтау және қолдану;

машина және приборлар жасау заводтары мен ұйымдарының құрамына кіретін барлық негізгі қосалқы цехтар.

30. Газ шаруашылығы (газ толтыру және газ-компрессорлық станциялар, домналық, кокстік, конверторлық, ферроқорытпа, табиғи газдар мен олардың қоспаларының заводаралық, цехаралық және цехтың газ құбырлары), тұтынушы цехтарды газбен жабдықтау (энергетикалық, тұрғын үй-коммуналдық және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерден басқалары), аталған барлық өндірістердегі газ тазартқыш, тозаң жұтқыш, аспирациялық және жеделдеткіш жүйелер мен қондырғылар.

31. Газдан құтқару қызметтерінің бөлімшелері, ерікті газдан құтқару жасақтары.

### **VIII. Энергетика, қазандықтарды қадағалау және көтергіш құралдарды қадағалау саласында**

32. ТЖМК инспекцияларында тіркелетін ЖЭО, ГРЭС, СЭС барлық негізгі және қосалқы ұйымдары мен өндірістері, 0,07 МПа (0,7 кгс/шаршы см) астам қысыммен жұмыс істейтін электр тасымалдаушы желілер, қосалқы станциялар, бу қазандықтары, бу құбыр желілері мен түтіктері, жылыту температурасы 115С астам су жылыту қазандықтары мен ыстық су құбыр желілері, көмір беру объектілері, жүк көтеру крандары, лифтілер, эскалаторлар, фуникулерлер, аспалы жолаушылар және жүк тасымалдайтын канат жолдары және бұл жабдықтарды дайындайтын кәсіпорындар.

33. ТЖМК инспекцияларында тіркелетін 0,07 МПа (0,7 кгс/шаршы см) астам қысыммен жұмыс істейтін бу қазандықтарын, бу құбыр желілерін және түтіктерін, жылыту температурасы 115С астам су жылыту қазандықтары мен ыстық су құбыр желілерін, жүк көтеру крандарын, лифтілерді, эскалаторларды, фуникулерлерді, аспалы жолаушылар және жүк тасымалдайтын канат жолдарды монтаждау, монтаждан бұзу, пайдалану және жөндеу.

34. Жүк көтергіштігі бір тоннадан астам құрылыс жүк көтергіштері.

35. Ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық ұйымдар, қадағалаудағы жабдықтарды дайындаушы заводтар, сынақ станциялары.

36. Темір-бетон бұйымдары заводтары.

### **IX. Газ қадағалау саласында**

37. Жердің астындағы және бетіндегі газ желілері мен олардағы құрылғыларды, сұйытылған газдың стационарлық топтық баллондық қондырғыларын, газды арналық, қалалық газ құбырлары мен қалалар мен басқа да елді мекендердегі сұйытылған (пропан-бутан) газ қондырғыларынан (тұрғын үйлер мен коммуналдық объектілердің жылжымалы газ пайдалану, қондырғыларын, агрегаттарын және газ жабдықтарын қоспағанда), приборлар мен жабдықтар дайындайтын заводтардан, автомобильдік газ құю және газ толтыру станцияларынан алатын ішкі газ құбырлары мен өнеркәсіптік, ауыл шаруашылығы, коммуналдық ұйымдардың және басқа да объектілердің газ жабдықтарын жобалауды олардың құрылысын салуды, іске қосу-баптау жұмыстарын және пайдалануды жүзеге асырушы ұйымдар.

## **Х. Астық өнімдері кәсіпорындарындағы өртену және жарылу қауіпі бар өндірістерді қадағалау саласында**

38. Құрама жем, ұн, жарма өндіру және олармен технологиялық байланысты үйлерді, ғимараттарды және жабдықтарды жобалау, құрылысын салу. Элеваторлардағы, астық қабылдау кәсіпорындарындағы астық қабылдау, өңдеу және сақтау процесі және осы процестермен технологиялық байланысты үйлер, ғимараттар, жабдықтар.

## **ХІ. Көлік пен байланысты қадағалау саласында**

39. Қауіпті жүктерді темір жол, су, әуе көліктерімен тасымалдауды, пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін ұйымдар, құрылымдық бөлімшелер және қызметтер және байланыс ұйымдары.

## **ХІІ. Бірнеше салаға ортақ объектілер**

40. Сутегі, көмір қышқылы және оттегі станциялары.

41. Оқу-курстық комбинаттар.

42. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына сәйкес аса қауіпті объектілермен байланысты қызметтерді лицензиялау.

## **ХІІІ. Құрылыс саласында**

43. Құрылыс, құрылыс материалдары мен конструкцияларын өндіру, құрылыс жұмыстарын механизациялау ұйымдары.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 7 шілдедегі  
N 1068 қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі  
мемлекеттік комитетінің орталық аппараты, аумақтық  
органдары мен ведомстволық бағыныстағы  
ұйымдары қызметкерлерінің жалпы шекті штаттық саны\***

| Атауы   | Ш т а т т ы қ с а н ы<br>( б і р л і к ) |                                      |
|---|--|--------------------------------------|
|   | барлығы                                  | оның ішінде<br>әскери<br>қызметшілер |
| 1. Орталық аппарат (үйлерді күзету және қызмет көрсету жөніндегі қызметкерлерсіз)   | 116                                      | 28                                   |
| 2. Облыстық басқармалар (инспекцияларды қоса есептегенде)   | 1287                                     | 183                                  |
| 3. Қалалық басқармалар мен аудандық бөлімдер (инспекцияларды қоса есептегенде)**  | 319                                      | 50                                   |
| 4. Республикалық даярлау және оқыту орталығы  | 33                                       | 4                                    |
| 5. Есептеу техникасы телекоммуникациялар, ақпараттама және жағдайлық талдау жөніндегі республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны |  | 60                                   |
| 6. Химиялық-радиометрлік лаборатория  | 7  | 1                                    |
| 7. Республикалық жедел құтқару отряды   | 66                                       | -                                    |
| 8. 28237 әскери бөлім   | 930                                      | 930                                  |
| 9. 52859 әскери бөлім   | 267                                      | 267                                  |
| 10. 68303 әскери бөлім  | 217                                      | 217                                  |
| 11. Республикалық суда құтқару қызметі орталығы (сукұтқаруорталығы)   | 12                                       | -                                    |
| <b>Жиыны</b>  | <b>3314</b>                              | <b>1680</b>                          |

Ескерту: мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің санын есептемегенде аудандық бөлімдер тек қана Алматы мен Қарағанды  
ғ а н а

Ескерту. Қосымша өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.09.30. N 1390 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК